

**Жібек жолы орта мектебіндегі
Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын
насихаттайтын «Абай» клубының
2021-2022 оқу жылына есебі**

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын сабақ аптасына бір рет өтілді. Бұл үйірмеде мектеп кітапханашысы, тіл мамандары, көркем еңбек мұғалімдері, тәрбие ісінің меңгерушісі және клуб белсенділері жұмыс істеді. Жұмысты тіл мамандары «Абай Құнанбайұлы және әлемдік мәдениет» тақырыбында дебат – талдау іс-шарасымен бастады. Бұл іс-шарада әлемдік мәдениет пен Абай Құнанбайұлының шығармалары талқыланды. Мысалы: «Абай және шығыс әдебиеті», «Абай және батыс әдебиеті» тақырыптарында әңгіме өрбіді. Көркем еңбек мұғалімі суреттер бойынша әртүрлі байқаулар өткізді. Абайдың қара сөздері бойынша жоғары сынып оқушылары өздерінің білімділігін сахналай да, көркем сөз оқумен де дәлелдеді. «Лидер» дебат клубы «Абай - әлемі» тақырыбы бойынша челлендж жасады. Бастауыш сынып оқушылары да өз тарапынан Абай өлеңдері мен әндері бойынша дайындалып, өз арасында байқау жүргізді. Жеңімпаздары аудан «Абай оқулары» байқауына жолдама алды. Абай оқулары бойынша видеоролик жасап онлайн қатысқандарда болды. Абай Құнанбайұлының өмірі бойынша деректі фильм көрсетілді. «Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. 1-9 сыныптар арасында «Пейзаж, Абай шығармаларынан» атты сурет байқауы ұйымдастырылды. «Абай – ұлы дала тұлғасы» атты онлайн галерея өтті және ақын шығармаларына қабырға газета байқауы болып өтті. Әрбір сыныпта ақын шығармалары бойынша тәрбие сағаты болды. «Абайдың қара сөздері мен өлеңдері біздің заманда да өзекті» атты отырыс өтті. Отырыста «Лидер» дебат клубы өз тарапынан пікірлерін білдірді. «Абай және түркі – парсы шайырлары» тақырыбында конференция жоғары сынып оқушылары арасында өтті. «Абайдан- сыр шертеді» поэзия кеші ұйымдастылды. Оқушылардың шығармашылығы байқалды.



Аудандық «Абай оқулары» байқауының «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша 4 «А» сынып оқушысы Қадырбек Мерген 3 орын иеленді



Бастауыш сынып оқушылары аудандық «Абай оқулары» байқауында «Ән-көңілдің ажары», «Өлең – сөздің патшасы», «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациялары бойынша жүлделі орындар алып, марапаттары мектеп мерекесінде ата – аналар мен оқушылар алдында табысталды.